



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**  
**ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ**  
**AL-FARABI UNIVERSITY**

---

27 сәуір  
**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ**  
**ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» (БАЙСАЛОВ ОҚУЛАРЫ - 2023)**  
*халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның*  
*материалдары*



---

*Материалы*  
*международной научно-практической конференции*  
**ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПРАВОПОРЯДКА В**  
**СИСТЕМЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ» (БАЙСАЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ**  
**2023)**  
27 апреля

*Materials*  
*of the international scientific and practical conference*  
**"PROBLEMS OF ENSURING ENVIRONMENTAL LAW AND ORDER IN**  
**THE ENVIRONMENTAL SAFETY SYSTEM" (BAYSALOV READINGS**  
**2023)**  
27 april

**Алматы, 2023**

УДК 349.6  
ББК 67.407  
Э 18  
ISBN 978-601-04-6491-9

*Редакция алқасы:* Еркинбаева Л.Қ. (бас редактор), Ережепқызы Р. (бас  
*Редакционная коллегия:* редактордың орынбасары) Есетова С.К.

Экологиялық қауіпсіздік жүйесіндегі экологиялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері» (Байсалов оқулары - 2023): халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. (КазНУ им аль-Фараби 27.04.2023 ж.) – Алматы. - "ЦКО Сервис" баспасы, 2023. - 392 б. - Қазақша, орысша, ағылшынша.

Проблемы обеспечения экологического правопорядка в системе экологической безопасности (Байсаловские чтения 2023): сборник материалов международной научно-практической конференции, (КазНУ имени аль-Фараби 27 апреля 2023 г.) – Изд-во "ЦКО Сервис", Алматы. - 2023. - 392 с. - Казахский, русский, английский.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2023 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру ғылыми-зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде ИРН АР14872548 «Қазіргі заманғы экологиялық құқықтық тәртіп: қазақстандық кейс» «Экологиялық қауіпсіздік жүйесіндегі экологиялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері» (Байсалов оқулары - 2023)» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.

Конференция жұмысына 100-ден астам қатысушы болды. Оның ішінде - Қазақстан Республикасының және шет елдердің мемлекеттік органдарының, қоғамдық ұйымдарының және ғылыми қоғамдастығының жетекші басшылары мен мамандары.

Басылым экологиялық құқық саласында зерттеу және тәжірибемен айналысатын ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған.

Материалы международной научно-практической конференции «Проблемы обеспечения экологического правопорядка в системе экологической безопасности» (Байсаловские чтения 2023)», которая прошла в Казахском национальном университете имени аль-Фараби 27 апреля 2023 года в рамках реализации научно-исследовательского проекта грантового финансирования Министерства образования и науки Республики Казахстан ИРН АР14872548 на тему: «Современный экологический правопорядок: казахстанский кейс».

В работе конференции очно и дистанционно приняли участие более 100 человек. Принимали участие ведущие руководители и специалисты государственных органов, общественных организаций и научное сообщество Республики Казахстан и зарубежных стран.

Издание представляет интерес для студентов, магистрантов, докторантов и ученых в сфере теории и практики экологического права.

Materials of the international scientific and practical conference "Problems of ensuring environmental law and order in the environmental safety system" (Baysalov readings - 2023)", which was held at Al-Farabi Kazakh National University on april 27, 2023 as part of the implementation of the research project of grant funding of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan IRN AP14872548 on the topic: "Modern environmental law and order: Kazakhstan case".

More than 100 people took part in the conference in person and remotely. The leading heads and specialists of state bodies, public organizations and the scientific community of the Republic of Kazakhstan and foreign countries took part.

The publication is of interest to students, undergraduates, doctoral students and scientists in the field of theory and practice of environmental law.

ISBN 978-601-04-6491-9



9 786010 464919

Статьи воспроизведены методом прямого копирования, за содержание материалов ответственность несут авторы.

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Байдельдинов Д.Л.</b> ПРЕДИСЛОВИЕ.....	1
<b>Еркинбаева Л.К.</b> «САГИНДЫК БАЙСАЛОВ - УЧИТЕЛЬ И НАСТАВНИК, УЧЕНЫЙ И ЗАЩИТНИК ПРИРОДЫ».....	2
<b>Сулейменов М.К.</b> ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ПРАВО В СИСТЕМЕ ПРАВА.....	4
<b>Бектурганов А.Е., Мукашева А.А., Бектурганова А.А., Оразалиев К.У.</b> РАЗВИТИЕ ВОДНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА КАЗАХСТАНА В СВЕТЕ НАУЧНЫХ ИДЕЙ ПРОФЕССОРА С.Т. БАЙСАЛОВА.....	9
<b>Боголюбов С.А.</b> РАЗВИТИЕ НАУКИ ОБ ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ПРАВОПОРЯДКЕ И ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.....	14
<b>Еркинбаева Л.К., Калымбек Б.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....	17
<b>Шермухаметов Б.</b> СТРАНОВОЙ ОБЗОР ЭКОЛОГИЧЕСКИХ СУДОВ. МОДЕЛИ, ТИПЫ, ОСОБЕННОСТИ.....	20
<b>Сулейменова С.Ж.</b> ЭКОЛОГО - ПРАВОВЫЕ ПРИНЦИПЫ ОХРАНЫ ВОД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	42
<b>Нигматуллина Э.Ф.</b> ВЗАИМОУВЯЗАННОСТЬ ПРАВОВЫХ МЕР В ЗЕМЕЛЬНОМ ПРАВЕ: ПРОБЛЕМЫ ПРАВОПРИМЕНЕНИЯ.....	46
<b>Куаналиева Г.А., Еркебай Р.А.</b> ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУ.....	50
<b>Салимгерей А.А.</b> ЗАЩИТА МОРСКОЙ СРЕДЫ ПО КОНВЕНЦИИ О ПРАВОВОМ СТАТУСЕ КАСПИЙСКОГО МОРЯ.....	54
<b>Қуандықов Қ.Ж.</b> 2015 ЖЫЛҒЫ ПАРИЖДЕГІ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	60
<b>Тыныбеков С., Ибрагим А.Б.</b> ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПРОЦЕССЕ УПРАВЛЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИМ ПРАВОПОРЯДКОМ.....	64
<b>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</b> РОЛЬ И МЕСТО МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА В РЕГУЛИРОВАНИИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	67
<b>Стамкулова Г.А.</b> ПРИНЦИПЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	71
<b>Жумаксанов Е.Ш.</b> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПО ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ИНСПЕКЦИЙ СТРАН ВЕКЦА В ОБЛАСТИ СОБЛЮДЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.....	75
<b>Ережепқызы Р.</b> ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА УПРАВЛЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИМ ПРАВОПОРЯДКОМ.....	80
<b>Озенбаева А.Т., Жолмахан А.М.</b> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ МЕТОДОВ УПРАВЛЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИМ ПРАВОПОРЯДКОМ.....	82
<b>Айгаринова Г.Т.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОЛАЙЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	86
<b>Бекежанов Д.Н., Ережепқызы Р.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАЙЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРДІ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	90
<b>Teleuyev G., Kwaku Attakora</b> LEGAL PROBLEMS OF THE ECONOMIC MECHANISM OF RATIONAL USE AND PROTECTION OF NATURAL RESOURCES.....	93

<b>Анисимов А.П., Резванова Л.А.</b> СОВРЕМЕННЫЕ УГРОЗЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И ПРАВОВЫЕ СПОСОБЫ ИХ ПРЕОДОЛЕНИЯ.....	98
<b>Аюпова З.К., Джанкадыров С.С.</b> ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЮЖНОМ МАКРОРЕГИОНЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	103
<b>Битабарова Ж.А.</b> ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВЫХ НОРМ ПО ЗАЩИТЕ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА ОТ ЗАГРЯЗНЕНИЯ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА АЛМАТЫ) .....	104
<b>Баимбетов Н.С.</b> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ДАЛЬНЕЙШЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ.....	110
<b>Акштатаева Ж.Б.</b> ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ГЕННО МОДИФИЦИРОВАННЫХ ОРГАНИЗМОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	112
<b>Амиров Н.К.</b> О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ЗАЩИТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРАВ ГРАЖДАН В КАЗАХСТАНЕ.....	116
<b>Жусупбекова М.К., Жулдыбаева А.Р., Нурымбетова А.</b> ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ГОСУДАРСТВА И ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ПРАВОПОРЯДОК.....	119
<b>Алимагамбетов Е.Ж., Сарсенова М.М.</b> ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	123
<b>Умбетбаева Ж.Б., Сулейменова С.Ж.</b> ВЕНСКАЯ КОНВЕНЦИЯ ОБ ОХРАНЕ ОЗОНОВОГО СЛОЯ И ВЫТЕКАЮЩИЕ ИЗ НЕЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА ДЛЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	126
<b>Kuandykov K.Z.</b> ACTUAL ISSUES OF PROTECTING THE RIGHTS OF BUSINESS ENTITIES IN THE FIELD OF FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY UNDER THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	130
<b>Бекежанов Д.Н., Шаматов Ө.Е.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	136
<b>Тлеубекова К.А., Оспанова Ж.О., Серім Ғ.Ө.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ РЕТТЕУДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ.....	142
<b>Джакупова И.Б., Божбанов А.Ж.</b> ЭКОЛОГИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ КАЗАХСТАНА.....	146
<b>Тажмуратова А.А.</b> ПРОБЛЕМЫ ВОЗДУШНОГО БАССЕЙНА ГОРОДА АЛМАТЫ.....	149
<b>Шестовская С.А.</b> ГАРАНТИИ ЗАЩИТЫ ПРАВ ГРАЖДАН И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ ПРИ ПРИНЯТИИ РЕШЕНИЙ В ОБЛАСТИ ОБРАЩЕНИЯ С РАДИОАКТИВНЫМИ ОТХОДАМИ АТОМНОЙ ЭНЕРГЕТИКИ.....	154
<b>Куандыкова Э.С.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	156
<b>Сатқанбаева Ұ.Н.</b> ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЮЖНОМ МАКРОРЕГИОНЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	159
<b>Абдрахманов Р.З.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	164
<b>Хайитов П.Б.</b> ЭКОЛОГО-ПРАВОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (НАЦИОНАЛЬНОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ) .....	166
<b>Аймашев К.Ы., Сарсенова М.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	170

<b>Айгаринова Г.Т., Туленова А.М.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	173
<b>Байтурбай О.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	180
<b>Айтеке К.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП; ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	184
<b>Мукамеден Д.</b> ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	187
<b>Мамраева А.</b> ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	190
<b>Михайлова А.И.</b> ЭКОЛОГО-ПРАВОВАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ.....	193
<b>Изтлеуов Ғ.М., Сатаев М.И., Азимов А.М.</b> ТАБИҒИ СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	196

## СТЕНДОВЫЕ ДОКЛАДЫ

<b>Алимкулов Е.Т., Орынбасар А.О.</b> АДВОКАТ-ҚОРҒАУШЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖИНАУҒА ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	200
<b>Усеинова К.Р., Данияров С.Д., Тағайбек К.Т.</b> К ВОПРОСУ О МЕЖДУНАРОДНОМ ОПЫТЕ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ.....	204
<b>Копбасарова Ф.З.</b> РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІ.....	207
<b>Сапархан А.А., Сарсенбеков А.Б., Серім Ғ.Ө.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ МЕН ҚОРҒАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	210
<b>Алимжанова А.С.</b> СОТ ШЕШІМІНІҢ ЗАҢДЫ КҮШІНІҢ СУБЪЕКТИВТІ ЖӘНЕ ОБЪЕКТИВТІ ШЕКТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ.....	216
<b>Алимжанов И.А.</b> КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА.....	222
<b>Райымбергенова К.Т., Жатқанбаева А.Е.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	227
<b>Копбасарова Ф.З.</b> МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ.....	233
<b>Калмашева Н.Б., Сүгірбеков С.І., Сатылғанов Е.Т.</b> РАҚЫМШЫЛЫҚ ПЕН КЕШІРІМ БЕРУ АКТІСІН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	236
<b>Серім Ғ.Ө., Серимов У.С., Түменбаев С.А.</b> КІНӨ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ ӘРЕКЕТ (ӘРЕКЕТСІЗДІК) АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРТТАРЫ РЕТІНДЕ.....	238
<b>Копбасарова Ф.З.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	243
<b>Сарымбетов Е.А.</b> ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛА АСЫРАП АЛУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ.....	245

<b>Алимжанов И.А.</b> К ВОПРОСУ О ПРИНЦИПАХ ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА И ИХ СОВРЕМЕННОЕ ПОНИМАНИЕ.....	249
---	-----

**ЖАС ҒАЛЫМДАР СЕКЦИЯСЫ  
СЕКЦИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

<b>Мусралиев Б.</b> ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	256
<b>Зурабов М.А.</b> РОЛЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СТРАХОВАНИЯ В ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ КАЗАХСТАНА.....	259
<b>Бегалиева Ж.Б.</b> ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ КАСПИЙСКОГО МОРЯ.....	261
<b>Закенова Д.С.</b> PROBLEMS OF APPLICATION OF INTERNATIONAL EXPERIENCE IN THE NATIONAL LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ON ENVIRONMENTAL PROTECTION IN CONNECTION WITH TECHNOGENIC IMPACT.....	264
<b>Исмаилова Р.М.</b> ТЕГЕРАНСКАЯ КОНВЕНЦИЯ — ПРОБЛЕМЫ И ПРЕПЯТСТВИЯ НА ПУТИ К ПОВТОРЕНИЮ УСПЕХА ХЕЛЬСИНКСКОЙ КОНВЕНЦИИ.....	269
<b>Абдурашидов Р.И.</b> «РАСТОРЖЕНИЕ КОНТРАКТОВ НА НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЕ И ОТЗЫВ ЛИЦЕНЗИЙ НА РАЗВЕДКУ И ДОБЫЧУ ТВЕРДЫХ ПОЛЕЗНЫХ ИСКОПАЕМЫХ В 2022 ГОДУ: ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО И ПРАКТИКА. ЦИФРОВИЗАЦИЯ СФЕРЫ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ».....	272
<b>Оразбек С.Б.</b> ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ВИДОВ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ.....	276
<b>Құрманбек А.</b> ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУ КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ.....	278
<b>Сахметов Н.Ш.</b> О РОЛИ НОВОГО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УЛУЧШЕНИИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ.....	280
<b>Ауталипова З.Т.</b> ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО МЕХАНИЗМА РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЭНЕРГИИ.....	282
<b>Абишева М.Н.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	287
<b>Абишев А.Ш.</b> ОСОБЕННОСТИ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ.....	291
<b>Тәнірбергенов Н.К.</b> СУЫҚ ҚАРУДЫҢ СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	293
<b>Қайратқызы А.</b> КРИПТОВАЛЮТАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	298
<b>Оразбек С.Б.</b> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ ХИЩЕНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....	300
<b>Мунайтбасов А.Б.</b> ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ ОБЪЕКТА НАРУШЕНИЯ ПРАВИЛ ВЕДЕНИЯ ГОРНЫХ И СТРОИТЕЛЬНЫХ РАБОТ.....	302
<b>Боранғазы А.Б.</b> БУЛЛИНГ КАК РАЗНОВИДНОСТЬ АГРЕССИИ.....	310

<b>Касимов А.Ж.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	315
<b>Николаева Э.С.</b> КОНТРАБАНДА ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ, ВВОЗИМЫХ НА ТЕРРИТОРИЮ ТАМОЖЕННОГО СОЮЗА.....	313
<b>Елемес Ә.Ж.</b> ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ БАНКОВСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	315
<b>Абдиханиев Н.И.</b> МҰРАГЕРЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ МҰРАГЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	319
<b>Мухаммедова Д.</b> АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ.....	321
<b>Кожаметов Е.К.</b> КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ДИНАМИКАСЫ.....	323
<b>Атабаев Р.З.</b> ПРОФИЛАКТИКА ЭКСТРЕМИЗМА ЗАЛОГ БУДУЩЕГО.....	329
<b>Сундетбаева Ә.Г., Серікұлы О.</b> ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АЛҚАБИЛЕРГЕ КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ.....	332
<b>Абдулла М.Ж.</b> КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	334
<b>Сапарбеков Е.И.</b> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРҒА ӘСЕРІ.....	338
<b>Рахметов Д.Б.</b> ЖЕРГЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫ.....	341
<b>Қорғанбек Д.</b> АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КОНТРАКТАЦИЯ ШАРТЫНЫҢ РОЛІ.....	344
<b>Нұртай Н.</b> КЕШЕНДІ КӘСПКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ.....	347
<b>Махаметжанова С.С.</b> КӘМЕЛЕТ ЖАСКА ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МЕНШІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ.....	351
<b>Shamova S.B.</b> THE PROBLEM OF FORMING AN ENVIRONMENTAL CULTURE OF STUDENTS.....	353
<b>Мәдіхан Ш.Ә.</b> ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....	357
<b>Батырбаев Қ.Ә.</b> ҚР ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫ САРАЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	362
<b>Normatov E.T.</b> THE CONCEPT AND SPECIFIC FEATURES OF LEGAL PROTECTION OF THE ENVIRONMENT IN CITIES.....	364
<b>Shavkatova Z.</b> LEGAL STATUS OF USERS OF UNDERGROUND RESOURCES.....	367
<b>Курманбай Е.Н.</b> АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫ-ОҒАН ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	369
<b>Қалдыбек Қ.А.</b> ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУДАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КЕПІЛДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	371
<b>Сұлтан С.С.</b> ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ СУИЦИД: СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....	374
<b>Рахметов Д.Б.</b> ЖЕРГЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫ.....	377
<b>Бабажанова Н.А.</b> ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	380

отражены все признаки и принципы правового государства. К принципам правового государства относятся:

- разделение власти на законодательную, исполнительную и судебную ветви с целью исключения злоупотреблений ею;
- верховенство закона, т.е. закон, принятый верховным органом власти при строгом соблюдении всех конституционных процедур, не может быть отменен, изменен или приостановлен актами исполнительной власти;
- взаимной ответственности государства и личности и т.д.
- высокий уровень правосознания и правовой культуры в обществе;
- наличие гражданского общества и осуществление контроля с его стороны за выполнением законов всеми субъектами права и др. Наше государство может достичь такого государства, только при строгом соблюдении законов государственными органами, путем реализации норм Конституции всеми субъектами права.

#### Список использованной литературы

1. Конституция Республики Казахстан. Научно-правовой комментарий / Под ред. Г.С.Сапарғалиева. Изд. 2-е, испр. и доп. – Алматы: «Жеті жарғы», 2004.
2. Сартаев С.С. Некоторые вопросы истории и теории правового государства / Известия АН КазССР. Серия общественных наук, 1989.
3. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. О перспективах и некоторых проблемах формирования правового государства на пороге XXI века. В кн.: Жизнь: Штрихи к портрету профессора С.С.Сартаева. – Алматы: 2002.
4. Баймаханов М.Т. Национальная государственность и воплощение в ней принципов правового государства // Становление суверенитета Республики Казахстан. Алматы, 1994.
5. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года: Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года Казахстанская правда. – 2009.

**ӘОЖ 347.731**

**К.Т. Райымбергенова<sup>1</sup>, Жатқанбаева А.Е.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультетінің 3-курс докторанты, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Алматы қ.  
(e-mail): k.raiyimbergenova.kaznu@gmail.com

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аннотация.** Қазіргі ақпараттану ғасырында қаржылық сектордағы жаңа технологиялардың көрінісін қаржылық инновациялар мен қаржылық қызметтерді цифрландыруға басымдық берілуінен көреміз.

Электрондық ақша интернеттің пайда болуы мен микропроцессорлық технологияның жетістіктерінің арқасында пайда болған құнды сақтау мен аударудың жаңа тәсілдерінің бірі болып табылады. Электрондық ақшаның дамуы- ұлттық және халықаралық қаржы және валюта жүйелеріне және тұтас экономикаға әсер ететін салдары бар құбылыс.

**Түйін сөздер:** электрондық ақша, цифрлы валюта, электрондық ақша айналымы, құқықтық реттеу, төлем құралы, криптовалюта, электрондық әмиян

**Abstract.** In today's information century we see the manifestation of new technologies in the financial sector in the priority given to financial innovation and digitization of financial services.

Electronic money is one of the new ways of storing and transferring value that has emerged thanks to the advent of the Internet and advances in microprocessor technology. The development of electronic money is a phenomenon with consequences affecting the national and international financial and currency systems and the economy as a whole.

**Keywords:** electronic money, digital currency, electronic money circulation, legal regulation, means of payment, crypto currency, electronic wallet

**Аннотация.** В современном веке информатики мы видим появление новых технологий в финансовом секторе в приоритете финансовых инноваций и цифровизации финансовых услуг.

Электронные деньги-это один из новых способов хранения и передачи стоимости, который появился благодаря появлению интернета и достижениям в области микропроцессорных технологий. Развитие электронных денег-явление, имеющее последствия для национальной и международной финансовой и валютной систем и экономики в целом.

**Ключевые слова:** электронные деньги, цифровая валюта, обращение электронных денег, правовое регулирование, платежное средство, криптовалюта, электронный кошелек

**Кіріспе.** Қай кезде де ақша ұғымы құндылық өлшемі ретінде орны бар объект болып табылған. Ақшаның даму тарихы бүгінгі күнге дейін қолдануы мен нысаны жағынан түрлі өзгерістерге шыдап келеді. Оған қаржы саласындағы жаһандандудың цифрлы технология жаңалықтары дәлел.

Қоғамда ақшаның рөлі тауарлар мен қызметтерді сатып алу-сату үшін есеп бірлігіндегі құн өлшейтін айырбастау құралы, жинақ құралы ретінде қалыптасты [1].



Цифрлы технологияның орнығуы, сондай-ақ ұлттық экономиканы цифрландыру жетістіктері қаржылық жүйедегі барлық қатысушыларға маңызды бағыттарды қарастыруды талап ете отырып, мүмкін тәуекелдер мен пайдалану мүмкіндіктерін бағалау немесе ұлттық қаржы нарығында әртүрлі цифрлы валюталардың құқықтық мәртебесін анықтаудағы қаржылық-құқықтық реттеуді басты мақсат етті.

Бұл мақала жазудың мақсаты, қолданыстағы әртүрлі валюталардың электронды ақшамен арақатынасын анықтау және осыған қатысты соңғы бес жылда жарияланған мақалалар мен ғылыми зерттеу жұмыстарын қарастыра отырып, оған авторлар тарапынан алып-қосар тұстарын талқылау болып табылады.

Қаржы нарығын цифрландыруда электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу тақырыбындағы соңғы бес жылда жазылған мақалаларға талдау жасау барысында мынадай жетістіктерді атап көрсеткіміз келеді: көптеген елдерде ұлттық цифрлық валютаны енгізу алғышарттары жасалғаны, тиісінше қаржылық сектордың цифрландыруымен қолданысқа енген терминдердің құқықтық мәртебесінің алғышарттары заңнамамен реттеуді бастап, мемлекеттердің құзырлы органдарының қадағалауына іліккені.

Сонымен қатар, аталған тақырыпта зерттелген соңғы бес жылда жарық көрген еңбектерді жүйелі талдай келе, авторлар назар аударуды талап ететін бағыттарын анықтады: оған криптовалютаны реттеуде мемлекеттік қадағалау мен құқықтық реттеудің заңнамамен жетілдіруді талап ету; мемлекеттің орталық банктері шығаратын ұлттық цифрлы валюталардың заңнамамен нақты құқықтық статусын беру, оның криптовалюдан айырмашылығын құқықтық сипаттау; және электронды ақша айналымының бұл валюталардан айырмашылығына құқықтық сараптама беру, т.б.

Қазақстан Республикасының аумағында электронды ақша айналымы мәселелерінің өзектілігі мен түрлі пікірталастарының артуы осы мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды қарастыруға әкелді. Авторлар талдау, салыстыру және топтастыру әдістерін қолдана отырып, ұлттық қаржы нарығында электронды ақшаның жай-күйі туралы, перспективалары, сондай-ақ тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау мақсатына қол жеткізді. Мақсатқа жету үшін ғылыми жұмыстарға, әдебиеттерге, зерттеу мақалаларына, сондай-ақ электронды ақша айналымы, және цифрлы валюта түрлеріне талдамалық материалдарға жүйелі талдау жасалды. Зерттеу нәтижесі Қазақстан Республикасында электронды ақша айналымының, цифрлы валюталардың жұмыс істеуімен байланысты тәуекелдердің де, терминдердің арақатынасын анықтап, нақты айырмашылық қалыптастыруға арқау болды.

**Зерттеу әдістері.** Осы мақаланы жазу барысында авторлармен қолданылған тәсілдерге тоқталатын болсақ, ақша-қаржы саласын цифрландыруға байланысты пайда болған терминдердің құқықтық табиғатын салыстырмалы құқықтық талдау әдісі арқылы жан-жақты қарастырдық. Сондай-ақ, ақша-қаржы саласында қолданылып келе жатқан терминдерді жүйелік әдіс арқылы нысаны электронды болатын валюталардың қаржылық-құқықтық реттеу мәселелерін көтердік. Оларға тән белгілерді және ұқсастықтарды нақты ажырату үшін логикалық талдау әдісін қолдандық. Алынған зерттеу нәтижелерін қорытындылау арқылы ғылыми болжау әдістеріне жүгіндік.

#### **Ақша (валюта) ұғымдарының электронды ақшамен арақатынасы**

Қаржы құқығында қолданылатын "валюта" және "ақша" ұғымдарын дәйекті зерттеуге көшпес бұрын, біз тағы бір ұғымды түсініп, оларды қолданудың бірыңғай тәсілін қалыптастыруымыз керек. Ол- "электронды ақша" термині, бұл тіркестегі «ақша» ұғымы жеткілікті зерттелген және де теорияда жиі кездесетін валютаны түсінудегі негізгі тіркестің бірі "шетелдік валюта», осыған байланысты кейде «электронды ақша» терминін ақша әлде валютаға жатқызамыз ба?,- деген заңды сұрақ туындайды. Оған жауап беру үшін келесідей зерттеулерге шолу жасайық.

Өз кезегінде Andrew Beattie, көп жағдайда «ақша» және «валюта» ұғымдары синонимдес болып қолданылғанмен, олардың мағынасы бірдей еместігін кейбір зерттеулер көрсететінін жазады. Оған сүйенсек, ақша мәні өз алдына материалдық емес ұғым десе, яғни сіз ақшаны ұстап, иіскеп көре алмайсыз да, ал валютаны жалпы ақша түсінігінің физикалық (материалдық) көрінісіне теңейді, мыс.тиын, банкнота және т.б. түріндегі [2].

Ал, қазақстандық ғалымдар Ф. Карагусов, А. Бондарев, өз еңбектерінде ақша (валюта) тұжырымдамасы ретінде мемлекеттің заңмен реттелетін, айналым мен төлем құралы үшін қолданатын, жұмыс пен тауар құнын анықтайтын шартсыз міндеттемесі,- деп көрсетеді[3].

«Валюта» термині ЕЭО елдерінің заңнамаларында мемлекеттің айналымдағы ақша деп түсіндіріледі. Заңнаманың толыққанды талдау жасайтын болсаңыз, валюта ұғымына «шетел валютасы» мағынасында толыққанды анықтама беріледі. Бұған нақты көз жеткізу үшін осы елдердің заңнамаларына шолу жасасақ:

Мысалға, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 02.07. 2018 ж. ҚР заңында бекітілгендей, «*шетел валютасы*» ретінде шет мемлекеттің (мемлекеттер тобының) аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған

немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын банкноттар, монеталар түріндегі ақша белгілері; банктік шоттардағы шет мемлекеттердің (мемлекеттер тобының) ақша бірліктеріндегі және халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі ақша», - деп танылады («Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 02.07. 2018 ж. ҚРЗ). «Шетел валютасы» терминінің осыған ұқсас анықтамасын Ресей Федерациясының «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау» туралы 10.12. 2003 ж. Заңынан және Армения Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау» туралы 24.11.2004 ж. Заңынан, 22.07.2003 ж. Беларусь Республикасының «Валюталық бақылау және валюта айырбастауды бақылау туралы» Заңынан кездестіруге болады [4].

Осы заңнамаларды талдау арқылы, валютаға (шетел валютасы) – белгілі бір шет мемлекетке төлем жасаудың заңды құралы болып табылатын ақшаның кез келген нысаны және оған тек айналымдағы ақша ғана кіреді, ал айналымнан алып тасталған ақшалар валютаға жатпайды деп тұжырымдауға болады.

Ал құқықтық табиғаты бойынша шетелдік валюта заңнамада азаматтық құқықтың объектісі ретінде ақша (валюта) біртұтас ұғымы арқылы көрініс табады. Мұны келесі жағдайлардан көруге болады.

Қазақстан Республикасында ақша және валюта ұғымдары тең мағынада қолданып, олардың құқықтық жағдайы ҚР АҚ 127 бабы -ақша (валюта) деп аталып, азаматтық құқық объектісі ретінде заңнамамен бекітілген. Ол бойынша ҚР ақша бірлігі теңге және ол заңды төлем құралы болып табылады.

30.03.1995 ж. ҚР «Ұлттық Банк туралы» заңының 38 бабы ақша бірлігі: ҚР ақша бірлігі (ұлттық валюта) болып -қазақстан теңгесі танылады деп көрсететеді.

Ақша табиғаты күн өлшемі ретінде, айналым құралы ретінде, төлем құралы ретінде және жинақтау құралы, әлемдік ақша функцияларын атқарады.

Біз қарастырғымыз келетін келесі термин «электронды ақша», осы тіркестегі электронды сөзі-ақша операциялары электронды нысанда жүзеге асатынын көрсетеді. Енді электронды ақшаны дәстүрлі ақшадан бөліп қарастыруымыздың өзіндік себептерін келесідей негіздермен көрсетуге тырысамыз.

Зерттеуші ғалымдар арасында электронды ақшаны-ақшаның жаңа түрі ретінде эволюцияда қабылдаған ақша деп келтірген жағдайларда кездеседі[14].

Makarov A.D., Mayurov P.N., Humenyuk K.G. еңбектерінде, ұлттық электрондық ақша, мысалға, цифрлы теңге не юань , рубль болсын, қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз ұлттық ақшаға электрондық түрде қатар қолданылатын ұлттық валютаның түрі деп жазады [5]. Электронды ақша қаржы құралы ретінде көптеген ғылыми әдебиеттерде кең мағынада қарастырады.

Жоғарыда ақша функцияларын атап өттік, соған сәйкес, электронды ақша функцияларына тоқталсақ: күн өлшемі (электронды ақшаны оның көлеміне тең келетін дәстүрлі ақша мөлшерінде шығаруы); электронды ақша жүйесіне қатысушылар арасында айналым құралы; төлем құралы ретінде электрондық әмияндағы электрондық ақша жүйесінде төлем құралы ретінде қолданылады; жинақтау құралы ретінде электрондық ақша қызметін тауарларды жүйеде сатып алған соң да электронды ақша жүйеде сақтап, яғни тұтынушылар алдағы жасайтын төлемдеріне де электрондық ақшаны жүйесінде қолдана алуы; әлемдік ақша рөліне келетін болсақ, эмитент орналасқан елден тысқары елде электронды ақшаның жүйесіне қатысты шектеулер қолданылады.

Келесі назар аударатын жайт, қолма-қол ақшасыз ақша айналымы мен электронды ақша айналымындағы басты ерекшелігі-ол ақша айналымы нысанындағы айырмашылық, яғни электронды ақша аты айтып тұрғандай электронды нысанда, арнайы жүйе ішінде айналымда болады және ешқандай банктағы шоттың болуы оның айналымына қатысы жоқ, 26.07.2016 ж. ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері» заңнамасында бекітілгендей, электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын, электрондық нысанда сақталатын, электрондық ақша эмитентінің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері болып табылады[6]. Ал қолма-қолсыз ақшаның айналым нысаны банк шоттарындағы жазбалар ретінде болады. Демек, осындай ерекшеліктерге көз жүгірте отырып, электронды ақша толыққанды ақша не шетелдік валюта ретінде қолданылып, олардың барлық функциясын орындайды деп айта алмаймыз, оған өзіндік электронды жүйе ішінде ғана қолданылуын басты фактор ретінде келтіреміз.

Қазақстандық қолданыстағы 26.07.2016 ж. ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері» заңнама бойынша электронды ақша айналымы қалай жүзеге асырылатынын қысқаша баяндап өтсек: ең алдымен, ҚР аумағында шығарылатын электрондық ақша ҚР ұлттық валютада шығарылады және оны шығаруға құқылы органдарға ҚР Ұлттық Банк, екінші деңгейдегі банктер және Ұлттық почта операторы жатады. Алдымен дәстүрлі ақшаны, яғни қолма-қол немесе қолма-қолсыз ақшаны электронды ақшаға ауыстыру үшін, оны шығаруға құқылы эмитенттер мен электронды ақша иелері

болып табылатын: жеке тұлғалар, агенттер, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар арасында электронды ақша шығару туралы шарт жасалып, оған сәйкес шығарылатын электронды ақша көлеміне тең ақша сомасына айырбастайды. Электронды ақшаны алған сәттен бастап оның иелеріне құқық туындайды, жүйеде электрондық әмиян ашылып, электронды ақшаға қатысты ақпараттың бәрін электрондық әмиян арқылы қолжетімді болады және электрондық төлем құралы арқылы электрондық ақша жүйесінің өзге қатысушыларына тауарлар мен қызметтер үшін электронды ақша аударымдары арқылы төлем жасай алады.

26.07. 2016 ж. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңы электрондық әмиян деп электрондық ақшаға билік етуді қамтамасыз ететін, оны есепке алу мен сақтаудың тәсілі деп көрсетеді. 27.06 2011 «Ұлттық төлем жүйесі туралы» РФ заңымен банк карталары сияқты төлемнің электрондық құралы- электрондық әмин болып табылады. Қазақстан, Қырғыстан, Ресей заңнамаларымен электрондық әмиян жұмысын реттеуші электрондық ақша жүйесінің агенттері мен операторларының қызметі бекітілген [7].

Кез-келген электрондық ақша жүйесінде электрондық әмиянды ашу және қызметтер көрсетуге қатысты жұмыстарды электрондық ақша жүйесінің операторы жүзеге асырады. Электрондық әмиян электронды ақшаның мекені десе де болады, иесі шотындағы қанша электронды ақша бар екенін тек электрондық әмияннан ғана көре алады. Сондай-ақ қолданыстағы ҚР заңымен электрондық әмияндағы электронды ақшаға сыйақы жүргізілмейді және электронды ақшаға кредит берілмейді.

Электронды ақша эмитенті қаржы мониторингінің субъектілеріне арнайы шарт негізінде жеке тұлғаларды сәйкестендіруді жүзеге асыратын құқық беруге тиістігі, бұл ҚР Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Заңнамасымен бекітілген.

Электрондық ақша иесін сәйкестендіруді электрондық ақша иесінің өзі қатысқан және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде не банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығынан қолжетімді дереккөздерден алынған мәліметтер негізінде қашықтан сәйкестендіру арқылы немесе оңайлатылған сәйкестендіру жолымен эмитент, оператор жүзеге асырады. Мұндай іс-әрекеттер электронды әмияндағы электронды ақшаның қауіпсіздігіне бағытталады. Және де электронды ақшаны өтеу процесі-эмитенттер алдыңғы шығарған электрондық ақшаны дәстүрлі ақшаға айырбастауға мүмкіндік беретін операция болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, электронды ақшаға тән белгілерге: алдын-ала төленген ақша сомасына тең келетін көлемде эмитентпен ақша сомасы шығарылуы; электронды нысанда сақталуы және тіркелуі; эмитенттен өзге ұйымдар электронды ақша жүйесінде төлем құралы түрінде қабылдауы жатады.

Қазақстандық заңнамада бекітілгендей, Мемлекеттік бюджет және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен төленетін әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақы аударылатын электрондық әмияндағы электронды ақшаға өндіріп алу, тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке билік етуді уақытша шектеу, мәмілелер мен өзге де операциялар бойынша шектеулер қолданылмайды.

Электронды ақша туралы Directive 2009/110/ЕС бекіткен анықтамасын қарастыратын болсақ, төлем операцияларын жасау мақсатында қаражатты алған кезден эмитентке қойылған талаппен ұсынылатын және электрондық ақша эмитентінен басқа жеке немесе заңды тұлға қабылдаған, магниттік тасымалдағышты қоса алғанда, электронды нысанда сақталған ақша құндылығы,-деп түсіндіреді [8].

Беларуссия «Төлем жүйелері және төлем қызметтері» туралы 19.04.2022 ж. заңнамасына сәйкес, электронды ақша ретінде электрондық түрде сақталатын және эмитент және басқа да тұлғалармен есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде төлем құралы ретінде қолданылатын, сондай-ақ эмитенттің электрондық ақшаны ұстаушыға ақшалай қаражатты қайтару жөніндегі міндеттеме сомасын білдіретін күн бірлігі қолданылады. Белоруссияда электронды ақша эмитенттері ретінде банк, банктік емес кредиттік-қаржылық ұйымдар жатады.

«Төлемдер және бағалы қағаздармен есеп асыру жүйелері, төлем// қызметтер және электрондық ақша мекемелері туралы» Түркия Республикасының заңнамасында электрондық нысанда сақталатын, төлем операцияларын жасау мақсатында пайдаланылатын және электрондық ақша эмитенті болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалар төлем құралы ретінде қабылдаған ақшалай құнды - электронды ақша деп қарастырады [9]. Аталған заң бойынша электронды ақша эмитенті болып: почта-телеграф корпорациясы, электронды ақша шығаруға арнайы рұқсаты бар банктік ұйымдар (арнайы талаптарға сәйкес болуы керек) болып табылады.

РФ заңнамасында «электрондық ақша қаражаты» түсінігі былай белгіленген: ақша қаражатын берген тұлғаның үшінші тұлғалар алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындау үшін банктік шот ашпай берілген ақшалай қаражаттың мөлшері туралы ақпаратты қамтитын, өкімдерді тек

электрондық төлем құралдарын пайдалана отырып беруге құқығы бар бір тұлға басқа тұлғаға алдын ала берген ақшалай қаражаты,- деп көрсетілген [7].

Электронды ақша анықтамасын «Қырғыз Республикасының төлем жүйесі туралы» 2015 ж. Заңында төлем құралы ретінде қолданылатын алдын-ала төленген карталар мен электрондық әмиянды қоса алғандағы программалық-техникалық құрылғыда электронды түрде сақталатын ақша құны,-деп көрсетеді.

Электронды ақша түсінігіне, электрондық ақша ретінде банкноттар мен монеталарды алмастыратын шифрланған таңбалар жиынтығы және ақша эквиваленті құнының сандық көрінісі туралы электронды сақталған ақпарат,-деп техникалық жағынан қарастыруға да болады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, авторлар тарапынан келесідей тұжырымдармен бұл сұрақтарды қорытындылауды жөн көрдік:

- «валюта» және «ақша» терминдері екі түрлі ұғым. Нақтырақ айтсақ, «валюта» деп шетел ақшасын түсінген жөн, ал «ақша» түсінігі мемлекеттің айналымындағы ұлттық ақша бірлігін қарастырған жөн, себебі тәжірибеде және заңнамалық негіздерде валюта түсінігі «шетелдік валюта» терминімен толыққанды түсіндіріледі. Ал, ақша (валюта) біртұтас қарастыру- бұл оның азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі заңмен қорғалуы үшін қарастырылған негіз болуы мүмкін. Электронды ақша толыққанды ақша болуына кедергі келтіретін арнайы шектеулерге ие, бұл оның электронды ақша жүйесінде ғана қолданылуынан шығады. Шетелде қолданылатын электронды ақшаларды (бұл тіркес барлық электронды ақшаға таралмайды) шетелдік электронды валюта деп қолдануды ұсынамыз.

Электронды ақша деп, жоғарыда айтылған функциялар мен белгілерге ие, эмитентпен шығарылатын арнайы электронды жүйе қолданушылары арасында электрондық нысандағы төлем құралының бір түрі болып табылады. Және қандай да бір конвертацияға ұшырамастан, электронды ақшаны өтеу барысында сіз қолма-қол ақшаға ие бола аласыз, ал керісінше эмитенттен электронды ақшаға қолма-қол не қолма-қолсыз ақша беру арқылы қол жеткізе аласыз.

Электронды ақша айналымын құқықтық реттеу әлі де толыққанды жүйелендіру керек деп есептейміз. Және біз қарастырған елдер заңнамасына сәйкес, электронды ақша эмитенті болып міндетті түрде бірінші кезекте банк қатысады, демек, электронды ақша айналымы мемлекет тарапынан банктер арқылы реттеліп отыратынын көрсетеді. Бұл біз қарастыратын келесі бөлімде маңызға ие фактор десе де болады.

«Электронды ақшаның» криптовалюта, цифрлық валютамен арақатынасы I. Svetkova өз мақаласында, соңғы он жыл ішінде қаржы саласындағы жаңалықтарда терминологиясы кеңінен қолданылып жүрген цифрлық құралдардың жаңа класы құрылды, оны мемлекет ұйымы немесе коммерциялық банк шығармайды, олар заңды төлем құралы емес және физикалық аналогтары жоқтығын жазады. Бұл құралдарды валюта ретінде пайдалану мүмкіндігі, оларға "электрондық ақша", "цифрлық валюта", "виртуалды валюта" немесе "криптовалюта" деп әр түрлі атайтынын келтіреді [10]. Цифрландыру қарқыны күшейген сәтте осы аталған валюталардың да қолданылу ауқымы да күрт ұлғайды.

Электронды ақша айналымының құқықтық мәселелерін қарастыруда және осы ұғымға қатысты түрлі зерттеулерді шолып шығу үшін [www.scopus.com](http://www.scopus.com) рецензияланатын ғылыми әдебиеттердің бірыңғай библиографиялық және рефераттық қорына іздеу жолына «электронды ақша» деп жазсаңыз, «криптовалюта», «виртуалдық валюта», «цифрлық валюта» және «мобильді ақша» атауларымен қатысы бар мақалаларды шығарады. Осыдан кейін заңды сұрақ туындайды: сонда электронды ақшаға қатысты зерттеулер тек қана криптовалюта не мобильді ақшалармен байланысты болғаны ма? Ал цифрлы валютаның не айырмашылығы бар? Электронды ақша түсінігі осы аталған крипто, цифрлы, виртуалды валюталар ұғымдарымен арақатынасы қандай?,-деген. Олай болса, Криптовалюта, цифрлы валюта, виртуалдық валюта есеп бірлігі ретінде қолданылатын блокчейн технологиясымен жасалған арнайы шифрланған сандық жазба ретінде танымал.

Бұл мақаланы жазу барысында қаншама ғалымдардың еңбектерін, ғылыми әдебиеттерді және ғылыми зерттеу жұмыстарын қарастырдық, осы түсініктерді жіктеудің небір жолдарын, түрлі ғылыми көзқарастарды кездестірдік. Осыған орай, біз қарастырып отырған терминдердің барлық белгілерін, түрлерін жіктеп жазып отырудың аса бір қажеттілігі жоқ санаймыз. Сонда да болса оқырман қауымға нақты түсінікті болу үшін осы валюталардың жалпы белгілерін, электронды ақшамен айырмашылығын көрсететін ерекшеліктеріне ғана тоқталып, бұлардың арақатынасын анықтап өтуді жөн санадық.

**Криптовалюта**-деректерді шифрлау криптография технологиясы негізінде жасалған, физикалық сипаты жоқ, тек электронды нысанда ғана өмір сүретін цифрлы ақшаның түрі. Криптовалютаның эмитенті рөлін жеке компаниялар жүзеге асырады, ол мемлекетпен реттелмейтін жеке жүйеде

айналым жасайды. Makarov A.D., Mayurov P.N., Humenyuk K.G. пікірлеріне сәйкес, криптовалюта цифрлық валюта ретінде интернет платформасындағы арнайы компьютерлік бағдарламалық іс-әрекеттің нәтижесінде туындайтын код арқылы қалыптасатынын және оны ұлттық электрондық ақшадан құқықтық мәртебесін ажырата білу керектігін ұсынады. Қазақстандық ғалымдар Карагусов Ф., Байшева Б. (2020) криптовалюта азаматтардың құқықтарына кепілдік бермейтіндігін, әрі ол құнды активтермен қамтамасыз етілмейтіндіктен және криптовалюта құны банктердің бақылауынсыз өзгеріп тұратындықтан оны электронды ақшаға жатқызу құқықтық негізі жоқтығын тұжырымдай келе ҚР Азаматтық кодексіне 914-бабына жеке және заңды тұлғалардың криптовалюталарды сатып алуға және иеленуге негізделген талаптары сот арқылы қорғалмайтындығы туралы нұсқауларды енгізуді дұрыстығын есептейді [11].

Криптовалюта және электронды ақша - бұл сандық төлемдер ұғымына қатысты екі түрлі термин. Алайда, олар бірнеше ұқсас және әртүрлі сипаттамаларға ие. Криптовалюта-бұл транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны құруды басқару үшін шифрлауды қолданатын сандық валюта. Криптовалюта блокчейн сияқты орталықтандырылмаған технология негізінде жұмыс істейді, яғни оны басқаратын орталық орган жоқ. Мысалы, Биткоин-криптовалютаның ең танымал түрлерінің бірі. Екінші жағынан, электронды ақша-бұл Смартфондар, планшеттер немесе компьютерлер сияқты электронды құрылғыларда сақталатын сандық ақша. Оларды онлайн сатып алу үшін, сондай-ақ шоттар арасында ақша аудару үшін пайдалануға болады. Электрондық ақшаны банктер сияқты қаржы институттары шығаруы және бақылауы мүмкін.

Алайда, бұл терминдердің арасында бірнеше айырмашылықтар бар. Криптовалюта орталықтандырылмаған және оны қаржы институттары бақыламайды, ал электронды ақша орталықтандырылған және банктер немесе басқа мекемелер бақылайды. Сонымен қатар, криптовалюта инвестициялау немесе құнды сақтау құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін, ал электронды ақша тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу әдісі болып табылады.

**Цифрлы валюта** түсінігі соңғы кезде әртүрлі анықтамалармен беріліп жүр: валютаның қосымша түрі немесе баламасы ретінде жүретін электронды ақша деп қарастырылса, Цифрлық қаржылық активтердің құқықтық реттеудің сипаттамасын Gurinovich, A.G., Larina M.A., Tolstopyatenko, G.P. зерттей келе, «цифрлық валютаға» жүйедегі сандық код немесе мағына түріндегі электрондық деректердің жиынтығы ретінде атап көрсетеді [12].

Цифрлы валюта блокчейн технологиясы арқылы жасалған барлық төлемдер мен аударымдар есебін қадағалаушы орган ретінде Ұлттық Банк жүзеге асырады және токендердің шығарылуын қадағалайды, цифрлы валюта дәстүрлі ақша сияқты Ұлттық банкпен реттеледі. Осыған орай, блокчейн технологиясы арқылы жасалатын криптовалюта цифрлы валюта деп қарастыратын болсақ, екеуінің басты айырмашылығы- криптовалюта орталықсыздандырылғаны. Демек ешқандай банк криптовалюта айналымын қадағалай алмайды, егер мемлекетпен құқықтық реттеу қолға алынбаса.

Цифрлы валюта мен электронды ақшаның арақатынасында басты айырмашылық ретінде: электрондық ақшаны өтеудің мүмкіндігі, бұл дегеніміз электрондық ақша эмитентінің электрондық ақшаны олардың номиналдық құнына тең ақша сомасына айырбастауды жүзеге асыратын төлем қызметі [6], ал цифрлы валютаны қолма-қол ақшаға айырбастаудың болмауы, *цифрлы валютаны* өтеу мүмкін еместігі, басты себеп цифрлық теңге ақшаның барлық функцияларын орындай отырып, ақша болуы тиіс. Қорытындылайтын болсақ, ұлттық цифрлы валютаның электронды ақшадан айырмашылығы: эмитенті тек мемлекет болып табылады, және мемлекеттің ұлттық валютасы сияқты барлық ақшаның функциясын орындайтын заңды төлем құралы мәртебесін иеленеді, тек электронды нысанда қолданылады. Жоғарыда айтып өткендей, электронды ақша сияқты цифрлы валютаны қолма-қол ақшаға айырбастау жасалмайды. Электронды ақша арнайы жүйеде айналым жасайды, оның қолдану аясы шектеулі; ал цифрлы валюта айналымының жүйесі кең болуы-ол дәстүрлі ақша аналогы болған жағдайда туындауы мүмкін, бірақ ол туралы, оның қолданушылар мен иеленушілерінің құқықтық жағдайы туралы нақты құқықтық түсінік жетілдіруді талап етеді.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, электронды ақша айналымының құқықтық реттелуі көптеген елдерде заңнамамен жүйеге қойылғанын байқаймыз. Алайда жаһандану кезеңінде теория мен тәжірибеде кездесетін қара-қайшылықтар әлі де болса осы тақырыпты терең зерттеу жасауға әкеледі. Сондай-ақ, авторлар электронды ақшаның қарапайым ақшадан түбегейлі өзгеше құқықтық сипаты бар деп тұжырымдайды. Олар әмбебап төлем құралы емес және иелері мен эмитенттері үшін бірқатар шектеулерге ие екенін жоғарыда жан-жақты қарастырып өтті. Электронды ақшаның құқықтық табиғатын анықтауда кездесетін мәселелер әлі де тиімді ұсыныстарды қарастыруды көрсетеді. Басты назар аударатыны, осы мақалаға арқау болған валюта түрлері ақпараттану технологияларының күнделікті пайда болатын жаңалықтарымен жарысып, тек даму үстінде болғандықтан, оларды тез арада қаржылық-құқықтық реттеуді қолға алу керек деп

есептейміз, оның ішінде: блокчейн технологиясының құқықтық жағдайы, криптовалюта, виртуалды валюталар айналымы арқылы жасалатын киберқылмыстардың құқықтық құрамы толыққанды ашылу үшін осы валюталарға да құқықтық статус берілуі, ұлттық цифрлы валютаның құқықтық табиғаты нормативтік-құқықтық актілермен бекітілуді талап етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Криптовалюта деген не?/ Антуан Бувере и Викрам Хаксар// Қаржы және Даму// /маусым 2018 | шығарылым 55 | Нөмір 2;
2. The History of Money. From bartering to banknotes to Bitcoin//Andrew Beattie/ September, 2022//[https://www.investopedia.com/articles/07/roots\\_of\\_money.asp](https://www.investopedia.com/articles/07/roots_of_money.asp);
3. Ф. Карагусов, А. Бондарев// Бағалы қағаздар және ақша азаматтық құқық объектісі ретінде. Электрондық ақша және төлем жүйесі// оқу құралы/Алматы, 2020 ж.;
4. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 02.07. 2018 ж. ҚРЗ;
5. Andreevich, Makarov Dmitry, Petrovich, Mayurov Nikolay, Khoteevich, Humenyuk Grigory//Regulatory Regulation of the Issue and Circulation of Digital Currencies in the Countries of the Modern World// March 2022. Springer Proceedings in Business and Economics;
6. «Төлемдер және төлем жүйелері» 26.07.2016 ж. ҚРЗ;
7. «Ұлттық төлем жүйесі туралы» РФЗ 27.06.2011ж.;
8. Directive 2009/110/EC of the European Parliament and of the council/ of 16 September 2009 on the taking up, pursuit and prudential supervision of the business of electronic money institutions amending Directives 2005/60/EC and 2006/48/EC and repealing Directive 2000/46/EC;
9. Law on payment and securities settlement systems, payment// Services and electronic money institutions //Law No. : 6493 //Publication Date/No : 27.6.2013 / 28690//As amended by Decree Law No. 690 of April 29, 2017;
10. Irina//Cryptocurrencies legal regulation//BRICS Law Journal 5, шығарылым 2, б 128 – 153, 2018;
11. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39694490/](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39694490/);
12. Gurinovich, A.G., Lapina, M.A., Tolstoplyatenko, G.P. et al. About Approaches to the Definition of Concept and Problems of Legal Regulation of Digital Financial Assets. Public Organiz Rev 22, 1005–1024 (2022);
13. Ф.Карагусов// Қазақстан Республикасындағы ұлттық электрондық ақшаның концепциясы туралы /2020/ [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39694490](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39694490)
14. Идрышева С. К. Электрондық төлемдер және электрондық ақша: терминдерді құқықтық түсінудегі құқықтық негіздер және жеке қайшылықтар // Шетелдік заңнама және салыстырмалы құқықтану журналы. 2021. Т. 17. № 1. б. 68—85. // <https://cyberleninka.ru/article/n/elektronnye-platezhi-i-elektronnye-dengi-pravovye-osnovy-i-otdelnye-kollizii-v-pravovom-ponimanii-terminov/viewer>

ӘОЖ 329.514

#### Ф.З.Копбасарова

Құқық магистрі, аға оқытушы  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тараз қ, Қазақстан Республикасы  
e-mail kopbasarova80@mail.ru

### МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

**Аннотация.** Мемлекеттік басқарудың заңдылығын қамтамасыз ету Заңдылық-демократиялық қоғамның маңызды және негізгі атрибуттарының бірі, ол әртүрлі мағынада түсініледі. Мемлекеттік қызмет принципі ретінде де, халықтың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы жүйесінің режимі ретінде де, қоғамды мемлекеттік басқару әдісі ретінде де, саяси жүйенің принципі ретінде

**Түйінді сөздер:** мемлекет, мемлекеттік басқару, Әкімшілік құқық, мемлекеттік органдар, заңдылық, Мемлекеттік қызмет, саяси жүйе.

**Аннотация.** Обеспечение легитимности государственного управления - один из важнейших и ключевых атрибутов демократического общества, который понимается в разных смыслах. И как принцип государственной службы, и как режим системы взаимоотношений населения с государственными органами, как метод государственного управления, как принцип политической системы

**Ключевые слова:** государство, государственное управление, административное право, государственные органы, законность, государственная служба, политическая система.

**Summary.** Ensuring the legitimacy of public administration - one of the most important and key attributes of a democratic society, which is understood in different senses. And as a principle of the civil service, and as a regime of the system of interaction of the population with state bodies, as a method of public administration, as a principle of the political system.

**Keywords:** state, public administration, administrative law, state bodies, legality, public service, political system.

Мемлекеттік басқарудың аудитіне қойылатын талаптар Қадағалау бақылаудың ажырама элементі ретінде қалағаныңызға, мақсатыңызға қалаған формада жетуге көмектеседі. Қадағалау дұрыс орындалмаған және орынсыз деп танылған жұмысты орындауға мүмкіндік бермейді. Қадағалаудың арқасында осы саладағы мақсаттарға қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, қадағалау жұмыстың келісілген жоспарға, бұйрықтар мен нұсқаулықтарға және белгіленген қағидаттарға сәйкес жүргізілгендігін тексереді. Тексерудің мақсаты - түзетуді қажет ететін қателіктерді анықтау және олардың қайталануын болдырмау. Бұл бақылауды қажет ететін түзету әрекеттерін қажет етеді.